

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Кеден комитетін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1 сәуір 1995 ж. N 2160. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының кеден қызметін мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және оның жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің таратылатын Бас кеден басқармасының негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Кеден комитеті құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден к о м и т е т і :

Қазақстан Республикасындағы кеден ісін мемлекеттік басқаруды жүзеге а с ы р а д ы ;

республика кеден органдарының қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарына және халықаралық шарттарына сәйкес басшылық етеді;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің таратылатын Бас кеден басқармасының мүліктік құқығының құқылық иегері болып табылады деп б е л г і л е н с і н .

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір ай мерзімде:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті қызметкерлерінің санын анықтап, орналастыру, қаржы және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешсін;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті туралы Ережені бекітсін;

кеден қызметін ұйымдастыру мен оның қызметінің мәселелері жөніндегі Үкімет актілерін осы Жарлыққа сәйкестендірсін.

4. "Қазақстан Республикасының қаржы, салық және кеден қызметтерін қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 12 қарашадағы N 963 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 42, 619 бап) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақтың соңғы абзацының күші жойылған деп танылсын;

2 тармақтан "ал Қазақстан Республикасының Кеден комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы деп" сөздері алынып

т а с т а л с ы н .

5. Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК